

«Bank RBK» АҚ
Директорлар кеңесімен
бекітілген
2020 жылғы «28» тамыздағы
№8.7 хаттама

Күшіне ену күні
2020 жылғы «28» тамыздан
бастап

«Bank RBK» АҚ-дағы қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты

Директорлар кеңесі бекіткен өзгертулер мем толықтыруларды ескере отырып, 2021 жылғы «23» қыркүйектегі №9.5 хаттама

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Bank RBK» АҚ-дағы (бұдан әрі – Банк) қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат) ағымдағы нарықтық жағдайға, сыртқы операциялық ортаға, таңдалған бизнес-үлгіге, стратегияға, тәуекел-тәбет стратегиясына, тәуекел-бейініне, тәуекел-тәбетіне, ұйымдық құрылымға, активтер көлеміне, Банк операцияларының масштабына, сипатына, түрлеріне және күрделілік деңгейіне сәйкес келетін қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.
2. Осы Саясат Банктің функциялары мен міндеттерін үздіксіз жүзеге асыруға қол жеткізуге және Дағдарыстық жағдайдың оны жедел қалпына келтіру мақсатында негізгі қызметке әсерін барынша азайтуға бағытталған қызметтің үздіксіздігін жоспарлау және ұйымдастыру процестеріне жалпы тәсілдерді айқындауды қамтамасыз етеді.
3. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Банк қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

2-тарау. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

4. Осы Саясатта келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:
 - 1) **Баламалы алаң** – Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Дағдарыстық жағдай кезеңінде пайдалануға тұрақты әзірлік жағдайында ұсталатын үй-жай. Балама алаңдардың мысалдарына Банктің Деректерді өңдеудің резервтік орталығы, Банктің меншігінде болуы немесе Банктің пайдалануы үшін үшінші тараптар қолдау көрсетуі мүмкін көшіру және қалпына келтіру үй-жайлары жатады.
 - 2) **Қызметке әсер етуді талдау** - қызметтің жұмыс істеуін және оған бұзушы факторлардың әсер ету салдарларын зерттеу процесі.
 - 3) **Банктің ІНК** – Банктің ішкі нормативтік құжаттары.
 - 4) **Қызмет түрінің (бизнес – процестің) иесі** - бизнес-процестің өмірлік циклі үшін және бизнес-процеске тартылған Банктің құрылымдық бөлімшесінің қызметін үйлестіру үшін жауап беретін Банктің құрылымдық бөлімшесі.
 - 5) **Тәуекел-менеджменттің басшысы** - Директорлар кеңесінің шешімімен Тәуекел-менеджменттің басшысы лауазымына тағайындалған, тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшелерге жетекшілік ететін және басқаратын, жеткілікті өкілеттіктерге, тәуелсіздікке және ресурстарға ие, Директорлар кеңесімен өзара іс-әрекетті жүзеге асыратын қызметкер.

- 6) **Қызметті қалпына келтіру тобы (бұдан әрі – Топ)** – Банк қызметкерлерінен, оның ішінде Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және қалпына келтіруге тікелей қатысатын Қызметтің сыни түрлерінің иелерінен тұратын топ.
 - 7) **Комитет** - «Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесінің Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет.
 - 8) **Дағдарыстық жағдай** – басталуы мүмкін, бірақ болжап білу қиын және елеулі материалдық шығындар қатерімен немесе Банктің өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін өзге де салдарлармен байланысты сыни уақиғалар, инциденттер, оқиғалар немесе төтенше жағдайлар.
 - 9) **Қызметтің сыни түрі** – Бизнес - процестің иесі Дағдарыстық жағдайының Банк қызметіне әсерін «сыни» деп талдау жүргізу кезінде сәйкестендірген қызмет түрі, оның жоғалуы қысқа мерзімді уақыт кезеңінде Банкке барынша теріс әсер етеді және қысқа мерзімде қалпына келтіруге жатады.
 - 10) **Қызметтің үздіксіздігі** – Банктің қызметін жалғастыру, оның ішінде банк қызметтері мен операцияларын белгілі бір қолайлы деңгейде ұсыну мақсатында Банктің өз іс-әрекеттерін жоспарлау және Дағдарыстық жағдайлар мен қызметтің қалыпты барысының бұзылуына ден қою қабілеті.
 - 11) **Жедел штаб** – Банктің Басқарма мүшелерінен, басқарушы мен атқарушы директорларынан тұратын, Дағдарыстық жағдай кезеңінде Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің және қалпына келтірудің уақытша міндеттерін шешу үшін құрылған, жедел шешімдер қабылдау өкілеттіктеріне ие штаб. Жедел штабтың басшысы Басқарма Төрағасы болып табылады.
 - 12) **Жоспар** – Дағдарыстық жағдай кезеңінде және (немесе) одан кейін шұғыл қайта бастау және Банктің Қызметтің сыни түрлерін алдын ала келісілген ең төменгі (апаттық) деңгейде жүзеге асыруы үшін қолданылатын іс-шаралар кешенін жүзеге асырудың мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін, тәсілдері мен мерзімдерін айқындайтын қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жөніндегі жоспар (жоспарлар).
 - 13) **Деректерді өңдеудің резервтік орталығы** - Банктің деректерді өңдеудің негізгі орталығымен ұқсас бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы бар Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін инциденттер кезеңінде пайдалануға тұрақты әзірлік жағдайында ұсталатын арнайы жабдықталған үй-жай.
 - 14) **ОТБ** – Операциялық тәуекелдер басқармасы.
 - 15) **Уәкілетті орган** – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.
5. Осы Саясатта пайдаланылатын өзге де терминдер, анықтамалар мен қысқартулар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-да бекітілген мағынада пайдаланылады.

3-тарау. Қызметтің үздіксіздігін басқару мақсаттары, міндеттері, қағидаттары мен стандарттары

6. Банк қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің және осы саясаттың негізгі мақсаттары:
 - 1) Бизнес қажеттіліктерінің өзгерістерін ескеретін және Банк операцияларының мөлшеріне, күрделілігіне, сипатына, географиясына, түрлері мен күрделілік деңгейіне сәйкес келетін Дағдарыстық жағдай кезеңінде Қызметтің сыни түрлерін жүзеге асыру қабілеті үшін Банкте тиімді тетіктерді құру.
 - 2) Дағдарыстық жағдай туындаған жағдайда Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар Банктің қажеттіліктерін қанағаттандыруды жалғастыратынына кепілдік беретін процестерге қойылатын талаптарды айқындау.
 - 3) Есеп айырысуды жүзеге асыру мүмкіндігін уақтылы қамтамасыз ету, Банк қызметінің күнделікті жұмыс істеу режимін ықтимал бұзудың алдын алу және оны болғызбау, осындай бұзушылықтың (оның ішінде қаржылық ысыраптардың, іскерлік беделін жоғалтудың) салдарларын азайту бөлігінде Банктің қызметтің үздіксіздігін басқаруға, серіктестер мен клиенттер, қызметкерлер алдында өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға тұрақты қабілетін қолдау жүйесін құру.

- 4) Тиімді шешімдер қабылдау үшін жағдайларды, олардың күтпеген мән-жайлар жағдайында уақтылы және толық іске асырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Банкті басқару деңгейін сақтау болып табылады.
7. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің негізгі міндеттері:
 - 1) Дағдарыстық жағдайдың басталуын уақтылы анықтау, келтірілген залалды анықтау және Жоспарды белсендіру қажеттілігі туралы шешім қабылдау.
 - 2) Банктің уақытша сызба бойынша жұмыс істеуін қалпына келтіру (резервтік қаражат пен үй – жайларды пайдалана отырып - қажет болған жағдайда), Банктің қызметін әдеттегі қызмет көлемінде толық қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу.
 - 3) Банк жұмысын толық қалпына келтіру және Жоспарды белсенсіз ету, қалыпты жұмыс істеуге оралу.
8. Қызметтің үздіксіздігін басқару келесі негізгі қағидаттарға негізделген:
 - 1) Үздіксіздік. Ұйымдастырушылық шаралар, техникалық шаралар, үзіліссіз және іркіліссіз қорғаныс құралдары кешенінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаты.
 - 2) Уақытылылық. Күтпеген мән-жайлардың тәуекелдерін талдау негізінде Банк қызметінің үздіксіздігі қатерлерін ерте анықтауды, тәуекелдерге қарсы іс-әрекеттердің және оларды азайтудың тиімді шараларын әзірлеуді көздейді.
 - 3) Тиімділік. Ресурстардың ең аз шығындарымен нәтижелерге қол жеткізуді көздейді.
 - 4) Корпоративтік стандарттар. Барлық деңгейлердегі Банк қызметкерлеріне Банктегі қызметтің үздіксіздігін басқару рәсімдерінің маңыздылығын көрсететін корпоративтік мәдениетті құру.
9. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін құру кезінде Банк мынадай стандарттарды ұстанады:
 - 1) Шешім қабылдайтын, кез келген тәуекелдерді өз мойнына алатын Банк Басқармасының, Комитетінің, Директорлар кеңесінің Банкте тәуекелдерді корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру арқылы тәуекелдер туралы, оның ішінде Банк қызметіне тән күтпеген жағдайлардың тәуекелдері туралы басқарушылық ақпараттың болуынан хабардар болуы.
 - 2) Қызметтің үздіксіздігін басқару мәселелері бөлігінде процестердің тиімділігін арттыру, ол үшін Банк қызметтің үздіксіздігін басқару, күтпеген мән-жайлардың тәуекелдерін басқару, оларды алдын ала анықтау, өлшеу және бағалау, мониторинг және бақылау, қаржы ресурстарын, персоналды және ақпараттық жүйелерді оңтайлы пайдалана отырып, Банк қызметінің әрбір сәйкестендірілген Сыни түрінде осындай тәуекелдерді барынша азайту мәселелері бойынша әдіснаманы әзірлейді және үнемі жетілдіріп отырады.
 - 3) Өміршең және тұрақты бизнес-үлгіні таңдауға, тәуекел-тәбет стратегиясын ескере отырып стратегия мен бюджетті жоспарлаудың тиімді процесіне негізделген Банк қызметінің негізгі бағыттарының табыстылығы мен қабылданатын тәуекелдер деңгейі арасындағы оңтайлы арақатынас.

4-тарау. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің қатысушылары

10. Осы Саясаттың негізінде Банкте Дағдарыстық жағдай туындаған кезде Банк қызметкерлерінің іс-әрекеттерін үйлестіру мақсатында Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және қалпына келтіруге жауапты Жедел штаб пен Топ тұрақты түрде жұмыс істейді.
11. Жедел штаб Дағдарыстық жағдай кезеңінде Банк қызметіне толық бақылауды өзіне қабылдайды, Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету процестеріне басшылықты жүзеге асырады, залалдар ауқымын алдын ала бағалауды және Банк қызметі қалпына келтірілгеннен кейін жүргізілетін бағалауды қоса алғанда, қалпына келтіру кезеңінде Банк қызметі бойынша жедел және ұзақ мерзімді шешімдер қабылдайды.
12. Жедел штабтың функциялары (қоса, бірақ олармен шектелмей):
 - 1) Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процесін ұйымдастыру және бақылау.
 - 2) Қалпына келтіру жұмыстары барысында қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге қатысатын сыртқы ұйымдармен, Уәкілетті органмен, қызметкерлермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, клиенттермен, контрагенттермен және өзге де мүдделі тараптармен байланысты үйлестіру.

- 3) Топ жұмысын үйлестіру.
13. Топ құрамына келесі лауазымдық санаттар (міндетті қатысушылар) кіреді:
- 1) Қауіпсіздік департаментінің директоры / оны алмастыратын тұлға.
 - 2) Ақпараттық-техникалық қауіпсіздік департаментінің директоры / оны алмастыратын тұлға.
 - 3) Ақпараттық технологиялар бөлімшелеріне жетекшілік ететін атқарушы директор /оны алмастыратын тұлға.
 - 4) Персоналмен жұмыс істеу департаментінің директоры / оны алмастыратын тұлға.
 - 5) Маркетинг және қоғаммен байланыс департаментінің директоры / оны алмастыратын тұлға.
 - 6) Әкімшілік-шаруашылық департаментінің директоры / оны алмастыратын тұлға.
 - 7) Операциялық тәуекелдер басқармасының бастығы / оны алмастыратын тұлға.
 - 8) Банк Филиалында / Бөлімшесінде Дағдарыстық жағдай туындаған кезде құрамға сондай-ақ Филиал директоры, Бөлімдер (филиалдағы қауіпсіздік қызметкерлері, Ақпараттық технологиялар бөлімі, Әкімшілік-шаруашылық қызметі бөлімі) қызметкерлері / оларды алмастыратын тұлғалар кіреді.
- 13-1. Топқа әдепкі қалпы бойынша Дағдарыстық жағдайдың сипаты мен ауқымына байланысты жүзеге асырылатын функциялар мен қызмет түрлері шеңберінде барлық қажетті шараларды жүзеге асыруы тиіс Банктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіреді.
14. Қауіпсіздік департаментінің директоры Топ басшысы болып табылады.
15. Осы Саясаттың 13-тармағында жоғарыда аталған басшылардың әрқайсысы лауазымға кіріскен кезде әдепкі қалпы бойынша Жедел штабтың / Топтың қатысушысы болады. Егер осы Саясаттың 13-тармағына сәйкес лауазымдық санат бос болса, онда ұйымдық құрылымға сәйкес жоғары тұрған басшы Жедел штабтың / Топтың қатысушысы болады.
16. Топ Банктің қызметін қалпына келтіру жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыру үшін Дағдарыстық жағдайдың сипаты мен ауқымына қарай Банктің басқа құрылымдық бөлімшелерін тартуға құқылы.
17. Топ мүшелері Жедел штабтан алынған нұсқаулар негізінде әрекет етуге және оның алдында Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жөніндегі істердің жай-күйі туралы еркін нысанда есеп беруге міндетті.
18. Топтың функциялары (қоса, бірақ олармен шектелмей):
- 1) Жедел штаб мүшелерін Дағдарыстық жағдайдың басталуы туралы, Дағдарыстық жағдайдың туындау себептері (бар болса), ықтимал салдарлары туралы және Дағдарыстық жағдайдың салдарын (бар болса) жоюдың алдын ала мерзімдері туралы, Қызметтің сыни түрлерін қалпына келтіру жұмыстарының барысы мен нәтижелері туралы хабардар ету (кез келген қолжетімді тәсілмен).
 - 2) залалды бағалау нәтижелерін (бар болса) Жедел штаб мүшелеріне жеткізу (кез келген қолжетімді тәсілмен).
 - 3) Дағдарыстық жағдайдың Жоспары мен шарттарына сәйкес Банктің құрылымдық бөлімшелерінің іс-қимылын үйлестіру.
 - 4) Банк Қызметінің сыни түрлерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды Жоспарға сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету.
19. Функциясына төмендегілер кіретін (қоса, бірақ олармен шектелмей) Жоспардың жалғыз иесі ОТБ болып табылады:
- 1) Банктегі қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін әзірлеу және енгізу.
 - 2) Банктің құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп күтпеген мән-жайлардың тәуекелдерін талдау.
 - 3) Дағдарыстық жағдайдың Банк қызметіне әсеріне талдау жүргізу процесін үйлестіру.
 - 4) Банктегі қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша процестерді үйлестіру.
 - 5) Банк қызметі түрлерінің тізбесін оларды қалпына келтірудің басымдығын көрсете отырып қалыптастыру (құрылымдық бөлімшелерден алынған ақпарат негізінде).
 - 6) Жоспарды әзірлеу, үйлестіру, тестілеуге қатысу, өзектендіру, қайта қарау.

- 7) Банктің Басқармасына, Комитетіне, Директорлар кеңесіне Банктегі қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің жай-күйі туралы басқарушылық ақпарат ұсыну.
20. Құрылымдық бөлімшелер басшыларының функциялары (қоса, бірақ олармен шектелмей):
- 1) Өзінің құрылымдық бөлімшесі бөлінісінде Жоспарды, оның ішінде оның Қосымшаларын әзірлеу, өзектендіру және қайта қарау (қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет).
 - 2) Дағдарыстық жағдай туындаған кезде күтпеген мән-жайлардың барлық сәйкестендірілген тәуекелдерін Жоспармен қамту.
 - 3) Құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің тізімін, олардың байланыс деректерін өзекті жағдайда ұстау, қызметкерлер жетіспеушілігі жағдайында функцияларды қайта бөлу үшін күнделікті қызметте пайдаланылмайтын қызметкерлердің қосымша құзыреттерінің тізімін жүргізу.
 - 4) Дағдарыстық жағдай туындаған кезде қызметкерлердің қажетті санын қамтамасыз ету.
 - 5) Қызмет түрлеріне талдау жүргізу, олардың басымдығын (сынилығын) және талап етілетін ресурстарды айқындау, оларға тән тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды қалпына келтіру мерзімдері мен деңгейлерін айқындау.
 - 6) Ішкі және сыртқы тараптар арасындағы байланыс рәсімдерін айқындау.
 - 7) Жоспарды тестілеуге қатысу (қажеттілігіне қарай).
- 20-1. Топ мыналар үшін жауапты болады:
- 1) Жедел штабтың нұсқауларын уақтылы және тиісінше орындау;
 - 2) Жедел штабқа қалпына келтіру жұмыстарын орындау туралы шынайы ақпаратты ұсыну.
- 20-2. Топ мүшелері/ оларды алмастыратын тұлғалар әрдайым мобильді байланыс/мессенджерлер / хабарламаларды жедел алмасу жүйелері арқылы қолжетімді болуы тиіс және бір мезгілде еңбек, демалыстың басқа түрлерінде, іссапарларда және т. б. бола алмайды.
- 20-3. Жедел штаб, Топ Дағдарыстық жағдайдың сипаты мен ауқымына, зақымданулардың күрделілігіне және Банк ғимараттарының, оның ішінде Филиал/ Бөлімше ғимараттарының қолжетімсіз уақытына қарай өз құрамын қайта қарауға және Жоспарда көрсетілген іс-шаралар тізбесіне өзгеріс енгізуге құқылы.
21. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде Банктің барлық қызметкерлері мыналар үшін жауапты:
- 1) Осы Саясатта және Жоспарда белгіленген олардың функцияларымен және жауапкершілігімен танысу.
 - 2) Осы Саясаттың және Жоспардың талаптарын сақтау.
 - 3) Тиісті оқытудан өту, оқу-жаттығуларға және Жоспарды тестілеуге қатысу.
22. Персоналмен жұмыс істеу департаменті Әкімшілік-шаруашылық департаментімен, Қауіпсіздік департаментімен бірлесіп (және/немесе дербес), Банк қызметкерлерін қызметтің үздіксіздігін басқару және қалпына келтіру бойынша оқытуды ұйымдастырады, сондай-ақ Банк Қызметкерлерін оқыту жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес Банктегі қызметтің үздіксіздігін басқаруды қолдау бағдарламаларына, оқыту нәтижелеріне талдауды жүзеге асырады.
23. АТ инфрақұрылымы басқармасы Әкімшілік-шаруашылық департаментімен бірлесіп, Баламалы алаңды қажетті ресурстармен және ақпараттық-технологиялық коммуникациялармен жарақтандырудың жеткіліктілігіне, оның ішінде жылына кемінде 1 (бір) рет түгендеу жүргізу жолымен бақылауды жүзеге асырады.
24. Дағдарыстық жағдай туындаған кезде Банк қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесіне қатысушылардың қызметін ұйымдастыру шарттарының егжей-тегжейлі сипаттамасы олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігін сипаттаумен Жоспарда регламенттелген.

5-тарау. Қызметтің үздіксіздігін басқару рәсімдері

§ 1. Қызметке әсерін талдау

25. Дағдарыстық жағдай туындаған кезде Қызметтің сыни түрлерін қалпына келтірудің уақытша шеңберлерін айқындау үшін, сондай-ақ Қызметтің сыни түрлерін (негізгі қызметті) қайта бастау және жалғастыру үшін қажетті ресурстарды анықтау үшін ОТБ Банктің құрылымдық

бөлімшелерін, оның ішінде Қызметтің сыни түрлерінің иелерін тарта отырып, жыл сайын Дағдарыстық жағдайдың Банк қызметіне әсеріне талдау жүргізеді.

26. Дағдарыстық жағдайдың Банк қызметіне әсеріне талдау жүргізу үшін Банктің құрылымдық бөлімшелерінің тізімін ОТБ айқындайды.
27. Дағдарыстық жағдайдың Банк қызметіне әсерін талдау жүргізу үшін айқындалған құрылымдық бөлімшелер ОТБ-нан тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде ОТБ-на электронды пошта арқылы («операциялық тәуекелдер басқармасы» жалпы электронды жәшігіне) жолданатын қызметке әсерді талдау сауалнамасын толтыру жолымен, Қызметтің сыни түрлерін, оның ішінде сараптамалық пікірді пайдалана отырып, қызметті қалпына келтіру, қолдау және жалғастыру үшін қажетті ресурстарды дербес сәйкестендіреді.
28. Қызмет түрлерінің иелерінен мәліметтерді (қызметке әсерді талдау сауалнамасы) алғаннан кейін, ОТБ Жоспардың тиісті қосымшаларын (Қызметтің сыни түрлері, ең аз ресурстар тізбесі және т. б.) одан әрі қайта қараумен (қажет болған жағдайда) қорытынды ақпаратты жинақтауды жүзеге асырады және Жоспарды мерзімді қайта қарау шеңберінде Уәкілетті алқалы органның бекітуіне шығарады.
29. Дағдарыстық жағдайдың Банк қызметіне әсерін талдау шеңберінде:
 - 1) Әсерлердің, зақымданулардың немесе шығындардың Банктің персоналына, үй-жайларына, технологияларға немесе ақпаратқа бағалауы жүзеге асырылады.
 - 2) Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банк заңнамасының, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасының талаптарын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы талаптарын бұзуларға бағалауы жүзеге асырылады.
 - 3) Беделін жоғалту тәуекелдеріне бағалауы жүзеге асырылады.
30. Дағдарыстық жағдайдың Банк қызметіне әсерін талдау үшін:
 - 1) Сыни өнімдер мен қызметтерді уақытында ұсынудың тоқтап тұруына байланысты ықтимал шығындардың көлемін бағалау жүргізіледі.
 - 2) Қызмет жаңартылуға тиіс ең жоғары уақыт кезеңін, сондай-ақ қызметті жүзеге асырудың қалыпты деңгейі қайта басталатын уақыт кезеңін сәйкестендіру арқылы қызметтің әрбір түрінің бос тұруының ең қолайлы кезеңі белгіленеді.
 - 3) Сыни өнімдер мен қызметтерді ұсыну үшін ең төменгі жұмысқа қабілетті күйде үздіксіз ұстап тұрылуы және (немесе) белгіленген мерзімдерде қалпына келтірілуі тиіс қызметті орындаудың түрлері мен деңгейлері, активтер немесе өзге де ресурстар айқындалады.
 - 4) Қызметтің сыни түрлерін апаттық режимде қалпына келтіру, қолдау және одан әрі жүзеге асыру үшін ең аз қажетті ресурстар көлемі айқындалады.
 - 5) Қызметтің сыни түрлерінің әрқайсысын қалпына келтірудің мақсатты уақыты белгіленеді. Мақсатты қалпына келтіру уақыты тиісті өнімнің немесе қызметтің рұқсат етілген ең көп күту уақытынан аз.
 - 6) Деректерді соңғы резервтеу мен Қызметтің сыни түрінің бос тұрып қалуының басталуы арасындағы мақсатты қалпына келтіру нүктесі белгіленеді.
 - 7) Қызметтің сыни түрлерін қалпына келтірудің мақсатты уақыты бойынша саралау жүзеге асырылады және Қызметтің басым сыни түрлері бөлінеді.
 - 8) Банк Қызметінің сыни түрлері тәуелді болатын жеткізушілер, контрагенттер мен өзге де мүдделі тараптар және аталған тұлғалардың Дағдарыстық жағдай туындаған кезде Банкке қалай көмек көрсететіні анықталады.

31. Дағдарыстық жағдайдың Банк қызметіне әсерін талдау нәтижелері бойынша қорытынды жиынтық ақпарат одан әрі күтпеген мән-жайлардың тәуекелдерін басқару шараларын таңдау кезінде пайдаланылады.

§ 2. Қызметтің сыни түрлерін анықтау

32. Банк Қызметтің сыни түрлерін айқындау мақсатында сыншылдық өлшемдері бойынша қызмет түрлері ресурстарды қалпына келтіру және бөлу басымдығына сәйкес шартты түрде 2 (екі) топқа топтастырылады.
33. Бизнес-бағыттар шеңберінде оларға кіретін қызмет түрлері (бизнес-процестер) әртүрлі топтарға жатқызылуы және тиісінше, қалпына келтірудің әртүрлі басымдығына ие болуы мүмкін:
- 1) «Қызметтің сыни түрлері» тобы: бірінші кезекте қалпына келтіруді және қалпына келтіру ресурстарын бөлуді талап ететін қызмет түрлері. Әрбір нақты қызмет түрін қалпына келтіру рәсімдерінің кезектілігі мен ұзақтығы осы топ ішінде келісіледі. Персоналдың және басқа ресурстардың ең аз талап етілетін санына сүйене отырып, қызмет түрінің жұмыс істеуі үшін оңтайлы қажетті көлемде автоматтандыру функциялары қалпына келтіріледі. Бұл топқа серіктестер мен клиенттер алдында өзіне қабылдаған міндеттемелерге сәйкес Банктің есеп айырысуларды уақтылы жүзеге асыруына ықпал ететін қызмет түрлері енгізіледі.
 - 2) «Қызметтің қолдаушы түрлері» тобы: «Қызметтің сыни түрлері» тобының қалпына келтірілген қызмет түрлерінің жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз ету үшін қалпына келтіру талап етілетін қызмет түрлері. «Қызметтің қолдаушы түрлері» тобының автоматтандыру функцияларын қалпына келтіру персоналдың және басқа ресурстардың ең аз талап етілетін санына сүйене отырып, оларды қолдау үшін ең аз қажетті көлемде және «Қызметтің сыни түрлері» тобының бизнес-процестері қалпына келтірілгеннен кейін ғана мүмкін болады.
- «Қызметтің сыни түрлері» тобының қызмет түрлерінің жұмыс істеуіне елеулі әсер етпеген Дағдарыстық жағдай кезінде «Қызметтің қолдаушы түрлері» тобының ақпараттық жүйелеріне қызмет көрсету дереу қалпына келтіруге жатады. Бұл ретте қалпына келтіру кезектілігі мен мерзімі «Қызметтің сыни түрлері» тобының қызмет түрлерінің талаптарына байланысты келісіледі. «Қызметтің сыни түрлері» тобының қызмет түрлерін қалпына келтіру үшін біраз уақыт қажет екенін ескере отырып, қызметкерлер мен басқа ресурстардың ең аз талап етілетін санына сүйене отырып, деректерді қолмен өңдеу жағдайында «Қызметтің қолдаушы түрлері» тобының жұмыс істеуін 1 аптаға дейін қарастыру қажет.
34. Банк қызметі түрлерінің тізбесін оларды қалпына келтірудің басымдылығы көрсетіле отырып, Дағдарыстық жағдайдың Банк қызметіне әсеріне талдау жүргізу шеңберінде Банктің құрылымдық бөлімшелерінен алынған ақпарат негізінде ОТБ қалыптастырады.
35. Сыни бизнес-процестерді айқындау тәсілдері және Банк Қызметінің сыни түрлерін сәйкестендіру рәсімдері Жоспарға сәйкес айқындалады.

§ 3. Күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін талдау

36. Қызметтің үздіксіздігін және күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін басқару (анықтау, өлшеу, бағалау, мониторинг, бақылау, тәуекелдерді өңдеу) операциялық тәуекелдерді басқару тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес операциялық тәуекелдерді басқару процесіне ұқсас жүзеге асырылады.
37. Күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін талдау қызметтің күрделі түрлеріндегі және олар пайдаланатын ресурстардағы қауіптер мен осал тұстарын бағалауға мүмкіндік береді.
38. Ресурстарға теріс әсер етуі мүмкін қауіптердің негізгі түрлері (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей):
- 1) қызметкерлердің қолжетімсіздігі.
 - 2) технологиялардың, оның ішінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қол жетімсіздігі (компьютерлік вирустар, компьютерлік аппараттық құралдардың істен шығуы, байланыстың жоғалуы).
 - 3) жабдықтаудың (судың, электрдің) қол жетімсіздігі.
 - 4) ғимараттарға (үй-жайларға) кірудің мүмкін болмауы.
 - 5) негізгі жеткізушілердің, контрагенттердің қол жетімсіздігі.
 - 6) негізгі ақпараттың қолжетімсіздігі.
 - 7) қаржы ресурстарының қолжетімсіздігі.
 - 8) жағдайға байланысты қатерлердің өзге де түрлері анықталуы мүмкін.
39. Күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін басқару шаралары қызметтің күрделі түрлерін қолдау үшін қажетті мынадай негізгі ресурстарды қамтиды (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) :
- 1) Персонал.
 - 2) Үй-жайлар.
 - 3) технологиялар.
 - 4) Ақпарат.
 - 5) жеткізушілер, контрагенттер, сыртқы қызметтер және жабдықтау арналары жатады.
 - 6) қаржы ресурстары.
 - 7) ахуалға байланысты қызметтің күрделі түрлерін қолдау үшін қажетті түйінді ресурстардың өзге де түрлері анықталуы мүмкін..
40. Банк күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін басқару шараларын таңдау кезінде олардың Банк қызметіне әсерін талдау нәтижелерін ескереді және қалпына келтіру жұмыстарына қатысатын сыртқы өнім берушілермен, сыртқы контрагенттермен (салымшылармен, кредиторлармен), Банк акционерлерімен, уәкілетті органмен және өзге де билік органдарымен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен және басқа да тұлғалармен және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың ішкі тәртібі айқындалады.
41. Күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін басқару шараларын анықтау және таңдау кезінде қызметтің күрделі түрлерінің иелері келесі факторларды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:
- 1) қызметтің күрделі түрлерінің тұрып қалуының барынша қолайлы кезеңі.
 - 2) жоспарды іске асыруға арналған шығындар.
 - 3) шаралар қолданбаудың салдары.
 - 4) тәуекелдердің шынайылығы және оларды іске асырудан болатын шығындардың шамасы.
 - 5) қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің белгіленген мақсаттарымен келісу.
 - 6) Банк қызметінің үздіксіздігін басқару жөніндегі осы саясатпен және рәсімдермен келісу.

§ 4. Қызметтің үздіксіздігін ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

42. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қызметкерлердің негізгі білімдері мен құзыреттерін қолдау жөніндегі шаралар мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):
- 1) жоспарда қызметтің күрделі түрлерін жүзеге асырудың ішкі тәртібін регламенттеуді қамтиды.
 - 2) қызметкерлер жетіспеушілігі жағдайында функцияларды қайта бөлу үшін күнделікті қызметте пайдаланылмайтын қызметкерлердің қосымша құзыреттерінің тізімін жүргізу. Қарамағындағы қызметкерлер бойынша қосымша құзыреттердің өзекті тізімінің болуына, сондай-ақ дағдарысты жағдай туындаған кезде қызметкерлердің қажетті санын қамтамасыз етуге әрбір құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты болады.
 - 3) кросс-функционалдык тренингтер өткізуді қоса алғанда, жұмыскерлерді кәсіптік дағдыларға үйрету. Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі Департамент оқыту қажеттілігін анықтауға, қызметкерлер үшін осындай оқыту тренингтерін әзірлеуге және өткізуге жауапты болады.
43. Банктің негізгі үй-жайларының болмауына байланысты күрделі өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді ұсынуға ықпал етуді төмендету жөніндегі шаралар мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):
- 1) баламалы алаңдарды, оның ішінде резервтік деректерді өңдеу орталығын ұсыну және пайдалануға беру.
 - 2) қызметкерлерді Банктің басқа үй-жайларына ауыстыру.
 - 3) өзекті емес жұмысты орындайтын қызметкерлердің жұмыс орындарын пайдалану.
 - 4) үйде немесе алыс үй-жайларда жұмыс істеу.
44. Баламалы алаңды таңдау кезінде үй-жайдың қорғалуы, үй-жайға қолжетімділік, негізгі үй-жайдан жақындығы және қажетті коммуникациялардың болуы, дағдарыс жағдайына байланысты өзге де жағдайлар ескеріледі.
45. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің жұмыс қабілеттілігін қолдау жөніндегі шаралар мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):
- 1) Банк ішінде ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтер көрсету;
 - 2) Баламалы алаңнан ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;
 - 3) бөгде ұйымның ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтер көрсетуін қамтамасыз етеді.
 - 4) дағдарыс жағдайында ауыстыру үшін немесе қосалқы бөлшектер ретінде ескі жабдықты сақтау;
 - 5) технологияларды жеткізушілермен жабдықтың, бағдарламалық қамтылымның авариялық қорларын сақтау және бірінші талап ету бойынша қолжетімді ету туралы уағдаластықты ұйымдастыру;
 - 6) ақпаратты сақтау, тұрақты резервтеу, электрондық түрде бақылап қалпына келтіруді ұйымдастыруды қызметтің күрделі түрлерін орындау үшін қажетті түрде жүзеге асыру;
 - 7) жабдықтың, бағдарламалық қамтылымның меншікті авариялық қорларын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.
46. Ақпараттық технологиялар департаменті АТ инфрақұрылым басқармасы негізгі үй-жайлардың болмауына байланысты сыни өнімдер мен қызметтерді ұсынуға әсерді азайту жөніндегі шараларды, сондай-ақ Банктің ІНҚ әзірлеу кезінде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтердің жұмыс қабілеттілігін қолдау жөніндегі шараларды ескереді және дағдарыс жағдайы туындаған жағдайда АТ инфрақұрылымы бөлігінде қажетті баламалы алаңдармен қамтамасыз етуге жауапты болады.

47. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттың тұтастығын, қолжетімділігін және құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мыналарды қамтиды (бірақ, онымен шектелмей):
- 1) қызметтің күрделі түрлерін орындау үшін қажетті ақпаратты айқындау;
 - 2) қызметтің күрделі түрлерін орындау үшін қалпына келтіруді талап ететін ақпарат көлемін айқындау;
 - 3) қашықтан қол жеткізуді ұсыну тәртібін сақтау;
 - 4) ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді қорғау құралдарымен қамтамасыз ету болып табылады.
48. Ақпараттық-техникалық қауіпсіздік департаменті негізгі үй-жайлардың болмауына байланысты күрделі өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді ұсынуға әсер етуді төмендету жөніндегі шараларды, сондай-ақ Банктің ІНҚ әзірлеу кезінде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттың тұтастығын, қолжетімділігін және құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ескереді және дағдарысты жағдай туындаған жағдайда, оның ішінде Баламалы алаңдарды жарақтандыру кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты болады.
49. Банктің ақпараттық жүйелері мен техникалық құралдарының жұмыс істеуін ішкі бақылау олардың қорғалуын, үздіксіз және кідіріссіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін ақпараттық-технологиялық жүйелерді бақылауды көздейді және Банктің тиісті ІНҚ-мен реттеледі.
50. Пайдаланылатын ресурстардың тізбесі (материалдық жабдықтауды, қаржы ресурстарын қоса алғанда) және олардың болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде дағдарыстық жағдай туындаған жағдайда сыртқы өнім берушілер мен контрагенттерден және өзге де мүдделі тұлғалардан алынатын іс-шаралар мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):
- 1) қосымша ресурстарды, оның ішінде технологиялық және телекоммуникациялық жабдықтарды қойма үй-жайларында сақтау.
 - 2) қоймадағы ресурстарды жедел жеткізу (ауыстыру) туралы жеткізушілермен келісімдер.
 - 3) ресурстарды Баламалы жеткізушілердің болуы.
51. Жоғарыда аталған шаралардың барлық шарттары Банктің ІНҚ-на сәйкес, оның ішінде осы Саясаттың талаптарын ескере отырып әзірленген, айқындалады, ашылады және нақтыланады.

§ 5. Жоспар, оның мазмұны және тестілеу

52. Жоспар қызметтің үздіксіздігін басқару процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, БЖБ әзірленеді, қызметтің барлық сындарлы түрлеріне қатысты бизнес-процестердің иелерімен келісіледі, Банктің уәкілетті алқалы органы бекітеді. Сонымен қатар, қызметтің сыни түрлерінің иелері БЖБ-мен келісілуі тиіс неғұрлым егжей-тегжейлі жоспарлар әзірлеуі мүмкін.
53. Жоспарды іске қосу және тоқтату туралы шешімді Басқарма Төрағасы және/немесе Тәуекел-менеджментінің басшысы қабылдайды.
54. Жоспар оны әзірлеу кезінде келесі принциптерге сәйкес келуі керек:
- 1) жауапты тұлғаларға түсінікті.
 - 2) жауапты тұлғалардың пайдалануы үшін қол жетімді.
 - 3) осы Саясатқа сәйкес келетін мақсаттары мен қолданылу саласы бар (мыналарды қоса алғанда: Банк қызметінің күрделі түрлерінің, оның ішінде қалпына келтіруді талап ететіндердің тізімі, сондай-ақ бос тұрып қалудың барынша жол берілетін уақыты, қызметтің күрделі түрлерін, оның ішінде ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар үшін қалпына келтірудің нысаналы уақыты, іскерлік беделін жоғалту тәуекелін барынша азайту жөніндегі шаралар).
 - 4) сыртқы ұйымдардың іс-әрекеттерімен келісіледі.
 - 5) қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және қалпына келтіруге қатысатын персоналдың функциялары мен жауапкершілігінің сипаттамасын қамтиды.
 - 6) активтендіруді растауға жауапты қызметкерлердің тізімін және жоспарды іске қосуды талап ететін шарттарды, сондай-ақ жоспарды іске қосу туралы хабардар етілетін қызметкерлердің тізімін қоса алғанда, активтендіру туралы шешім қабылдау рәсімін қамтитын активтендіру схемасы бар.
 - 7) жедел штаб, қызметті қалпына келтіру жөніндегі топ ішіндегі коммуникацияларды (сындарлы өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді қалпына келтіруге және авариялық ұсынуға қатысатын), сыртқы ұйымдармен (қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге қатысатын) коммуникацияларды, уәкілетті органмен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және Банктің клиенттерімен коммуникацияларды, қалпына келтіру жұмыстары барысында контрагенттермен және өзге де мүдделі тараптармен коммуникацияларды, коммуникация әдістерін қамтитын авариялық сыртқы және ішкі коммуникациялар схемасын қамтиды.
 - 8) Қызметтің күрделі түрлерін қалпына келтіру және авариялық ұсыну үшін уақыттың әртүрлі сәттерінде қажетті ресурстар мен жеткізушілердің ең аз көлеміне қойылатын талаптарды қамтиды.
 - 9) қызметтің күрделі түрлерін қалпына келтіру және үздіксіз беру жөніндегі іс-қимылдардың бірізділігінен құралады, оның ішінде:
Сыртқы ұйымдарды қалпына келтіру процесіне тарту схемасы.
Банктің қызметін қалпына келтіру процесіне Банктің контрагенттері мен мүдделі тұлғаларын тарту схемасы.
Банк қызметінің күрделі түрлерін қалпына келтіру реті мен орындары.
Маңызды ақпараттық-технологиялық қызметтерді қалпына келтіру мерзімдері мен орындары, сондай-ақ оларды қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылдардың дәйектілігі, оның ішінде жаңа ғимараттағы желілік инфрақұрылымды қалпына келтіру, базалық функционалдылықты, қосымшалар мен дерекқорларды қалпына келтіру, синхрондау, резервтік көшіру, телекоммуникациялар.
Қажетті ресурстарды жұмылдыру мерзімдері мен орындары.
 - 10) барлық қажетті нақтылауды, оның ішінде резервтік үй-жайлардың орналасуын, жүру маршруттарын, уәкілетті органның және өзге де билік органдарының, Банк қызметін қалпына келтіруге қатысатын ұйымдардың байланыстарын, сондай-ақ олармен байланыс тәсілдерін қамтиды.
 - 11) жұмыстардың барысы, қабылданған шешімдер мен қабылданған шаралар туралы негізгі ақпаратты құжаттау әдісін қамтиды.

- 12) авариялық режимде жұмысты аяқтау, күнделікті жұмыс істеу режиміне көшу, күтпеген жағдайлардың салдарын жойғаннан кейін бұзылған ішкі банктік процестерді қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін өлшемдерді қоса алғанда, жұмыстың авариялық режимін жою схемасы болады.
55. Жоспарды тестілеу рәсімі жоспардың ажырамас бөлігі (қосымшасы) болып табылады, ол жылына кемінде 1 (бір) рет өткізіледі.:
- 1) Қызметтің күрделі түрлері Дағдарыс жағдайының ауырлығына қарамастан қорғалған.
 - 2) жоспар күтпеген мән-жайлар жағдайында Банктің қызметін және күнделікті жұмыс істеу режиміне көшуді қамтамасыз етеді.
56. БЖБ Топ қатысушыларымен бірлесіп, Қызметтің күрделі түрлерінің иелерін тарта отырып (қажет болған жағдайда):
- 1) Банк қызметінде елеулі өзгерістер болған жағдайда тестілеуді, оның ішінде тұтас алғанда жүйенің сенімділігін тексеру мақсатында қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің жекелеген элементтерін де, жиынтығында да тестілеуді жүзеге асырады.
 - 2) тестілеуді жоспарлауды сынақтар жүргізу барысында туындайтын сыни оқиғалардың әсерін барынша азайтатындай етіп жүзеге асырады.
57. Тестілеуді өткізу жоспарланған күнге дейін БЖБ тестілеуді өткізу туралы хаттаманың жобасы жасалады, онда әрбір тестілеудің мақсаттары мен міндеттері айқындалады, Тестілеуді бақылаушылардың (бақылаушылардың) тобы айқындалады.
58. ТБҚ қызметкерлері ТБҚ қызметкерлері, ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлер (ақпараттық – техникалық қауіпсіздік департаменті, комплаенс – бақылау департаменті және басқалар сияқты) және қажет болған жағдайда Банк қызметінің үздіксіздігі мен ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында консультациялық қызметтер көрсетуге маманданған ұйымдардан тәуелсіз мамандар кіруі тиіс тестілеуді бақылаушылар (бақылаушылар) тобының құрамын айқындайды.
59. Жоспарды тестілеуді өткізу кезіндегі тестілеуді қадағалаушылар (бақылаушылар) тобының функциялары (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей):
- 1) Әр тесттің орындалуын бақылау.
 - 2) Тестілеу нәтижелерін бағалау.
 - 3) Қажетті түзету әрекеттерін қоса алғанда, тесттерді өткізу, оның нәтижелері мен пікірлері туралы хаттама жасау.
 - 4) Тестілеу жоспарының барлық қатысушыларымен, олардың басшыларымен хаттаманы келісу.
 - 5) Тестілеудің нәтижелерін талдауды, анықталған кемшіліктерді жою және Жоспарды және Банк қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің басқа элементтерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қамтитын келісілген тексеру хаттамасының негізінде тестілеуді өткізу қорытындылары бойынша есепті жасау және келісу.
60. Жоспарды тестілеуді өткізу қорытындылары бойынша есеп қажет болған жағдайда жоспарды жетілдіру бойынша ұсыныстармен қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің жай – күйі туралы жыл сайынғы басқарушылық есептілік құрамында Басқармаға және Комитетке қарау үшін, Банктің Директорлар кеңесіне бекіту үшін жіберіледі.
61. Жоспар жекелеген операцияларды орындау және (немесе) бизнес-процестерді жүзеге асыру үшін сыртқы мердігерлерді аутсорсингке тарту кезінде ескеріледі.

6 тарау. Қызметтің үздіксіздігін басқару бойынша басқарушылық есептілік

62. Қызметтің үздіксіздігін басқару жөніндегі басқарушылық ақпарат Басқарманың, Комитеттің, Директорлар кеңесінің назарына қызметтің үздіксіздігін басқару жөніндегі басқарушылық есептілікті ұсыну тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес тәртіппен және мерзімдерде жеткізіледі және мынадай ақпаратты: қызметтің үздіксіздігін басқару жөніндегі рәсімдер мен процестерді енгізу мәртебесі туралы, күтпеген мән-жайлардың, оқиғалардың тәуекелдерін басқару жөніндегі ішкі рәсімдер мен саясаттарды бұзудың анықталған фактілері, қызметтің үздіксіздігін басқару жөніндегі рәсімдер мен процестерді енгізу, Банктің тұрақтылығын және белгілі бір операцияларды қалпына келтіру қабілетін арттыру бойынша тексерулердің/жоспарлардың нәтижелері.
63. Банктің және оның қызметкерлерінің осы саясатты сақтауын бақылауды жүзеге асыру мақсатында оның талаптарын орындау мониторингінің нәтижелері туралы ақпаратты БЖБ Басқарманың, Комитеттің, Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді.
64. БЖБ қызметтің үздіксіздігін басқару бойынша өзіне жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру шеңберінде кез келген ақпаратты, оның ішінде банктік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты талап етуге және кедергісіз алуға құқылы. Іске асырылуы Банктің қаржылық орнықтылығының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін күтпеген жағдайлардың тәуекелдері анықталған жағдайда, БЖБ мұндай ақпаратты дереу тәуекел-менеджмент Басшысына жеткізеді, ол өз кезегінде Банктің Басқарма, Комитет, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне осындай тәуекелдерді барынша азайту шараларын әзірлеу үшін байланыстың кез келген қолжетімді тәсілімен хабарлайды.

7 тарау. Қорытынды ережелер

65. Осы Саясат оны бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі және Банктің ІНҚ әзірлеу тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ-на сәйкес оның күші жойылғанға дейін қолданылады.
66. Осы Саясатты орындамау/тиісінше орындамау Банк қызметкерлерінің тәртіптік жаза шараларын/материалдық ықпал етуді, Банктің ІНҚ-на, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кінәлі қызметкерлердің өзге де жауапкершілігін қолдана отырып, өз лауазымдық міндеттерін орындамауы / тиісінше орындамауы ретінде қаралады.
67. Банктің барлық қызметкерлері осы Саясаттың талаптарын сақтауға және орындауға міндетті болып табылады.
68. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер бойынша Банк қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің өзге де ІНҚ нормаларын басшылыққа алады. Осы Саясатта сипатталмаған операциялық тәуекелді басқару жөніндегі қағидалар мен рәсімдер Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банктің ІНҚ-ның, оның ішінде операциялық тәуекелдерді басқару тәртібін регламенттейтін және Банктің өзге де ІНҚ-ның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.